

**«Дүниетану» пәнінен бөлім бойынша
жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар
4-сынып**

Нұр-Сұлтан, 2019

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 4-сынып білім алушыларына «Дүниетану» (оқыту қазақ тілінде) пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде дайындалған.

Бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Тапсырмалар мен рубрикалар ұсыныс түрінде берілген.

Әдістемелік ұсыныстар бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

МАЗМҰНЫ

I ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
«Менің Отаным - Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	4
«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	7
II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР .	10
«Мәдени мұра» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	10
«Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	14
III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	17
«Табиғат құбылыстары» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	17
«Қоршаған ортаны қорғау» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	20
IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	23
«Ғарышқа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	23
«Болашаққа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау	26


І ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Менің Отаным - Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.3 Менің атамекенім 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері
Оқу мақсаты	4.1.3.1 Түрлі дәрежедегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, облыс) ажырату 4.1.3.2 Түрлі дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру 4.2.3.1 Өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> • Әкімшілік-аумақтық құрылымның бірліктерін ажыратады • Өз аймағының өндіріс орындарын сипаттайды • Табиғи жағдайлардың шаруашылыққа тигізетін әсерін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма.

а) Қазақстанның кескін картасына мұқият қара. Картадан өзің тұратын облысты тауып, боя. Облыс орталығының атауын жаз.



б) Өзің тұратын жерді сипаттап жаз (аудан, қала немесе ауыл).

2-тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

а) Сен тұратын облыста қандай өндіріс орындары (зауыт, фабрика, ферма, ...) бар?

б) Ол кәсіпорында немесе шаруашылықта не өндіріледі?

3-тапсырма.

Кестеде көрсетілген аймақтардың табиғи жағдайлары қандай шаруашылық түрінің дамуына әсер етеді? Кестені толтыр.

Таулы жерлер	Жазық жерлер	Суқоймалы жерлер

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор <i>Білім алушы</i>	Балл
Әкімшілік-аумақтық құрылымның бірліктерін ажыратады	1	картадан өз облысын анықтайды;	1
		облыс орталығының атауын жазады;	1
		өзінің тұрғылықты жерін сипаттайды;	1
Өз аймағының өндіріс орындарын сипаттайды	2	өз аймағындағы өндіріс орындарын атайды;	1
		өндіріс орындарының өнімін сипаттайды;	1
Табиғи жағдайлардың шаруашылыққа тигізетін әсерін сипаттайды	3	табиғи жағдайларға қатысты шаруашылық түрлерін анықтайды;	1
		-таулы жерлерге тән;	1
		-жазық жерлерге тән;	1
		-суқоймалы жерлерге тән.	1
Барлығы			8

**«Менің Отаным - Қазақстан» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Әкімшілік-аумақтық құрылымның бірліктерін ажыратады	1	Қазақстанның кескін картасынан өз облысын анықтауда, өзі тұратын әкімшілік-аумақтық бірліктерді атауда қиналады. ☐	Қазақстанның кескін картасынан өз облысын анықтауда/ өзі тұратын әкімшілік-аумақтық бірліктерді атауда қателіктер жібереді. ☐	Қазақстанның кескін картасынан өз облысын анықтайды, өзі тұратын әкімшілік-аумақтық бірліктерді дұрыс атайды. ☐
Өз аймағының өндіріс орындарын сипаттайды	2	Өз аймағының өндіріс орындарын атауда және қызметін сипаттауда қиналады. ☐	Өз аймағының өндіріс орындарын атауда/ олардың қызметін сипаттауда қателеседі. ☐	Өз аймағының өндіріс орындарын атайды және қызметін сипаттайды. ☐
Табиғи жағдайлардың шаруашылыққа тигізетін әсерін сипаттайды	3	Адамдардың табиғи жағдайларға байланысты айналысатын шаруашылық түрлерін анықтауда қиналады. ☐	Таулы жерлерге/жазық жерлерге/суқоймасы бар жерлерге тән шаруашылық түрлерін анықтауда қателеседі. ☐	Адамдардың табиғи жағдайларға байланысты айналысатын шаруашылық түрлерін анықтайды. ☐

«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.1 Мен және менің отбасым 1.5 Құқық және міндет
Оқу мақсаты	4.1.1.3 Отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау 4.1.1.4 Отбасы бюджетін оңтайландыру жолдарын ұсыну 4.1.2.2 Оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> - Отбасы бюджетінің кірісі мен шығыстарын анықтайды - Отбасы бюджетін үнемдеу жолдарын ұсынады - Көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді атайды
Ойлау деңгейі	дағдыларының Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма.

а) Отбасылық кіріс көзіне нелер жатады? 2 дұрыс жауапты тап.

- A) еңбекақы
- B) айыппұл
- C) сыйақы
- D) несие

б) Сенің отбасыңда ақша қайда жұмсалады? 2 мысал келтір.

- 1) _____
- 2) _____

2-тапсырма.

Отбасы бюджетін қалай үнемдеуге болады? 2 мысал келтір

- 1) _____
- 2) _____

3-тапсырма.

Көшбасшының бойында қандай қасиеттер болу керек? 3 дұрыс жауапты белгіле (✓).

- 1) Адалдық ☐
- 2) Сараңдық ☐
- 3) Қызғаныш ☐
- 4) Мақсаттылық ☐
- 5) Жауапкершілік ☐

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор <i>Білім алушы</i>	Балл
Отбасы бюджетінің кірісі мен шығыстарын анықтайды	1	отбасылық кіріс көздерін анықтайды: -бірінші; -екінші;	1 1
		отбасы бюджетінің шығындарына мысалдар келтіреді: - бірінші мысал; - екінші мысал;	1 1
Отбасы бюджетін үнемдеу жолдарын ұсынады	2	отбасылық бюджетті үнемдеу жолдарын ұсынады: - бірінші; - екінші;	1 1
Көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді атайды	3	көшбасшыға тән қасиеттерді анықтайды: - бірінші; - екінші; - үшінші.	1 1 1
Барлығы			9

**«Адами құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Отбасы бюджетінің кірісі мен шығыстарын анықтайды	1	Отбасылық бюджеттің кіріс көздерін анықтауда, отбасылық шығындарға мысал келтіруде қиналады. ☐	Отбасылық бюджеттің кіріс көздерін анықтауда/отбасылық шығындарға мысал келтіруде қателіктер жібереді. ☐	Отбасылық бюджеттің кіріс көздерін анықтайды, өз отбасының шығындарына мысал келтіреді. ☐
Отбасы бюджетін үнемдеу жолдарын ұсынады	2	Отбасылық бюджетті үнемдеу жолдарын ұсынуда қиналады. ☐	Отбасылық бюджетті үнемдеу жолдарын ұсынуда қателіктер жібереді. ☐	Отбасылық бюджетті үнемдеу жолдарын ұсынады. ☐
Көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтайды.	3	Көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтауда қиналады. ☐	Көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттердің бірінші/екінші/үшіншісін анықтауда қателеседі. ☐	Көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді ажыратады. ☐

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Мәдени мұра» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары 3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер
Оқу мақсаты	4.3.2.1 Түрлі дереккөздер негізінде қазақ халқының шығу тарихын түсіндіру 4.3.4.1 Өмірбаяндық мәліметтеріне сүйене отырып, шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасау 4.3.1.2 Тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Қазақ халқының қалыптасу тарихын түсіндіреді • Көрнекті қайраткерлердің ғылым саласына қосқан үлесін сипаттайды • Тарихи мұражайлардың рөлін анықтайды
Ойлау деңгейі	дағдыларының Білу және түсіну
Орындау уақыты	Қолдану 20 минут

1-тапсырма.


а) Берілген сілтеме бойынша бейнежазбаны мұқият қара немесе берілген мәтінді түсініп оқы. <https://youtu.be/8rY0jtLhLV0>

Қазақ халқының қалыптасу тарихы сонау ерте заманнан басталады. Ертеде қазақ жерінде өмір сүрген сақ тайпалары бет-әлпеті жағынан еуропалық нәсілге жатқан. Көп ғасырлар өте келе сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары туыстас көшпелі тайпалар – түрік, түргеш, қыпшақ, найман, арғын, дулат және басқа да әр дәуірде өмір сүрген тайпалармен өзара жақындасып, араласып кеткен.

Монғол тайпалары да қазақ халқының қалыптасуына өз әсерін тигізді. Жылдар өте келе әртүрлі тайпалар мен рулардың шаруашылық байланысы нығайды. Туыстық ынтымағы арта түсті. Тілі, келбеті, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, салты ортақ сипатқа ие болады. XIV-XV ғасырларда Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар ортақ түркі тілінде сөйледі. Әртүрлі тайпалар бір-бірімен араласып, олардың арасындағы айырмашылықтар жойылды, сөйтіп, қазақ халқы қалыптасты.

«Қазақ» деген атаудың шығуы туралы көптеген пікір бар. «Қазақ» атауы көне түркі тілінде «еркін адамдар» деген мағынаны білдіреді. Қазақстан жерін мекендеген үйсін, сақ, ғұн, қаңлы және сармат тайпалары қазақтардың арғы тегі болып табылады. Қазақ халқының қалыптасуы Жәнібек пен Керей сұлтандар құрған тәуелсіз Қазақ хандығы қалыптасқан кезде аяқталды.

- б) Мәтінге сүйеніп, қазақ халқының қалыптасуына негіз болған 3 тайпаның атауын ретімен (төменнен жоғарыға қарай) жаз.



2-тапсырма.

Қ. Сәтбаевтың өмірбаянынан берілген үзіндіні оқы. Сұраққа жауап бер.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – геолог- ғалым, Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик, қоғам қайраткері.

Қ. Сәтбаев 1899 жылы Павлодар облысында туған. Қаныш бала кезінен алғыр, зерек болған. Ғалым бүкіл өмірін геология саласын зерттеуге арнады. Ұлытау-Жезқазған мыс рудасы қазбасын, Екібастұз көмірін ашты. Сол жерлерде үлкен зауыттар салдыруға үлес қосты.

Сәтбаевтың геологиядан басқа музыка, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған өңірінен халық ауыз әдебиеті мұраларын жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбек жазған. Қазақ орта мектебінің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. Осы еңбегі қазақ тіліндегі алгебрадан алғашқы мектеп оқулығы болып тарихқа кірді.

Қ. Сәтбаев өзінің өмірінде 640-тан астам ғылыми еңбектер жазған.

- б) Қ. Сәтбаев еліміздің дамуы үшін қандай ғылым салаларына үлес қосқан?

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

3-тапсырма.

Тарихи мұражайлар не үшін керек? 3 дұрыс тұжырымды белгіле (✓).

- Суретшілер мен музыканттардың шығармашылығымен танысу үшін
- Өлкенің табиғатымен, тарихи және мәдени дамуымен танысу үшін
- Зерттеуге қажетті құнды құжаттар мен жәдігерлерді сақтау үшін
- Еліміздің мәдениетін, тарихын келешек ұрпаққа жеткізу үшін

☐
☐
☐
☐
☐

- Еліміздің әдеби мұрасын зерттеу үшін

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор <i>Білім алушы</i>	Балл
Қазақ халқының қалыптасу тарихын түсіндіреді	1	қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың ретін анықтайды: -біріншісін; -екіншісін; -үшіншісін;	1 1 1
Көрнекті қайраткерлердің ғылым саласына қосқан үлесін сипаттайды	2	атақты тұлғаның еліміздің дамуына қосқан үлестерін атайды: -бірінші; -екінші; -үшінші;	1 1 1
Тарихи мұражайлардың рөлін анықтайды	3	тарихи мұражайлардың рөлін анықтайды: - бірінші; - екінші; - үшінші.	1 1 1
Барлығы			9

**«Мәдени мұра» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Қазақ халқының қалыптасу тарихын түсіндіреді	1	Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың ретін атауда қиналады. ☐	Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың ретін анықтауда қателіктер жібереді. ☐	Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған тайпалардың ретін анықтайды. ☐
Көрнекті қайраткерлердің ғылым саласына қосқан үлесін сипаттайды	2	Көрнекті қайраткерлердің еліміздің дамуына қосқан үлесін сипаттауда қиналады. ☐	Көрнекті қайраткердің еліміздің дамуына қосқан үлесін сипаттауда қателіктер жібереді. ☐	Көрнекті қайраткерлердің еліміздің дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелейді. ☐
Тарихи мұражайлардың рөлін анықтайды	3	Тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіруде қиналады. ☐	Тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіруде қателіктер жібереді. ☐	Тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіреді. ☐

«Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	1.6 Мерекелер 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік
Оқу мақсаты	4.1.6.1 Зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру 4.1.4.2 Спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қаупін азайту және алдын алу әдістерін ұсыну
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Кәсіби мерекелердің тарихы туралы әңгімелейді • Спортпен шұғылдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін құрастырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут
1-тапсырма.	



- а) Суретте бейнеленген мамандық атауларын жаз.
б) Кәсіби мерекелердің біреуі туралы жаз.

2- тапсырма.

а) Суретке мұқият қара. Спортпен шұғылдану кезінде балалар қандай жарақаттар алып қалуы мүмкін?



б) Жарақаттанудың алдын алуға арналған қауіпсіздік ережелерін құрастыр.

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор <i>Білім алушы</i>	Балл
Кәсіби мерекелердің тарихы туралы әңгімелейді	1	кәсіби мерекелердің атауларын жазады:	1
		- бірінші;	1
		- екінші;	1
		- үшінші;	1
		кәсіби мерекені сипаттайды;	1
Спортпен шұғылдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін құрастырады	2	спортпен шұғылдану кезіндегі жарақаттанудың түрлерін атайды:	1
		жарақаттанудың алдын алуға қатысты қауіпсіздік ережелерін құрастырады:	
		- бірінші;	1
		- екінші;	1
		- үшінші.	1
Барлығы			8

**«Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Кәсіби мерекелердің тарихы туралы әңгімелейді	1	Суретте бейнеленген кәсіби мерекелерді атауда және мерекелердің біреуінің шығу тарихын сипаттауда қиналады. ☐	Бірінші/ екінші/ үшінші суретте бейнеленген мерекелерді атауда/ бір мерекенің шығу тарихын сипаттауда қателіктер жібереді. ☐	Суретте бейнеленген кәсіби мерекелерді атайды және мерекелердің біреуінің шығу тарихын сипаттайды. ☐
Спортпен шұғылдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін құрастырады	2	Әртүрлі спорт түрлеріне қатысты қауіпсіздік ережелерін құрастыруда қиналады. ☐	Бірінші/ екінші/ үшінші суреттерде бейнеленген спорт түрлеріне қатысты қауіпсіздік ережелерін құрастыруда қателіктер жібереді. ☐	Әртүрлі спорт түрлеріне қатысты қауіпсіздік ережелерін дұрыс құрастырады. ☐

ІІІ ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Табиғат құбылыстары» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері 1.4. Денсаулық және қауіпсіздік 2.1 Жергілікті жерде бағдарлану
Оқу мақсаты	4.2.3.1 Өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау 4.1.4.4 Өзінің жасанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлау 4.2.1.1 Нысанның басқа нысандарға қатысты орнын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Адамдардың шаруашылық іс-әрекетіне табиғи жағдайлардың әсерін сипаттайды - Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік ережесін құрастырады - Жергілікті жердегі нысандардың басқа нысандарға қатысты орнын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма.

Суретте бейнеленген шаруашылық түрлері еліміздің қай аймақтарында жақсы дамыған?



б) Бір суретті таңда. Осы шаруашылық түрінің дамуына климат қалай әсер етеді?

2-тапсырма.

Өрт шыққан жағдайда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? Сурет бойынша 2 ереже құрастырып жаз



- 1) _____
- 2) _____

3-тапсырма.

Суретті пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.



Нысандардың балаға қатысты орнын анықта:

- солтүстік жағында _____
- шығыс жағында _____
- батыс жағында _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Адамдардың шаруашылық іс-әрекетіне табиғи жағдайлардың әсерін сипаттайды	1	бейнеленген шаруашылық түрлерін анықтайды: - бірінші; - екінші;	1 1
		климаттың шаруашылық түрінің дамуына әсерін сипаттайды;	1
Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік ережесін құрастырады	2	өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерін құрастырады: -бірінші ереже; -екінші ереже;	1 1
Жергілікті жердегі нысандардың басқа нысандарға қатысты орнын анықтайды	3	солтүстікте орналасқан нысанды атайды;	1
		шығыста орналасқан нысанды атайды	1
		батыста орналасқан нысанды атайды.	1
Барлығы			8

**«Табиғи құбылыстар» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Адамдардың шаруашылық іс-әрекетіне табиғи жағдайлардың әсерін сипаттайды	1	Адамдардың шаруашылық іс-әрекетіне табиғи жағдайлардың әсерін сипаттауда қиналады. ☐	Суретте бейнеленген шаруашылық түрлерінің даму аймағын анықтауда/ оған әсер ететін табиғи жағдайларды сипаттауда қателіктер жібереді. ☐	Адамдардың шаруашылық іс-әрекетіне табиғи жағдайлардың әсерін сипаттайды. ☐
Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік ережесін құрастырады	2	Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерін құрастыруда қиналады. ☐	Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерін құрастыруда қателіктер жібереді. ☐	Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерін дұрыс құрастырады. ☐
Жергілікті жердегі нысандардың басқа нысандарға қатысты орнын анықтайды	3	Берілген нысандардың басқа нысанға қатысты орнын анықтауда қиналады. ☐	Көкжиектің солтүстік/ батыс/ шығыс жақ тұстарында орналасқан нысандарды анықтауда қателеседі. ☐	Берілген нысандардың басқа нысанға қатысты орнын дұрыс анықтайды. ☐

«Қоршаған ортаны қорғау» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	2.2 Климат және ауа-райы 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері 2.1 Жергілікті жерде бағдарлану
Оқу мақсаты	4.2.2.1 Адамзат дамуына климаттың әсерін талдау 4.2.3.2 Зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындауы ықтималдылығын болжау 4.2.1.3 Глобус пен картадан параллельдерді, меридиандарды, экваторды көрсете білу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Климаттың адамның қызметіне әсерін сипаттайды • Өз өңірінде туындауы мүмкін болатын табиғи апаттарды болжайды • Глобус пен картадан параллельдерді, меридиандарды, экваторды көрсетеді
Ойлау деңгейі	дағдыларының Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма.

Сұрақтарға жауап жаз.

- 1) Сен тұратын аймақтың климаты қандай? _____
- 2) Климатты ескере отырып, сен тұратын аймақта өсімдік шаруашылығының қай түрін дамытуға болады? Неліктен?

2-тапсырма.

Сұрақтарға жауап жаз.


- 1) Сен тұратын аймақта қандай табиғи апаттар болуы мүмкін?

- 2) Ол қандай себептерден туындауы мүмкін? Түсіндір.

- 3) Бұл табиғи апаттың күнделікті өмірде тигізетін зардабы қандай?

3-тапсырма.

Глобуста ерекшеленіп берілген сызықтардың атауын жаз.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор <i>Білім алушы</i>	Балл
Климаттың адамның қызметіне әсерін сипаттайды	1	өз аймағының климатын сипаттайды;	1
		жергілікті климатқа сәйкес дамытуға болатын шаруашылық түрін атайды;	1
		климаттың шаруашылық түрінің дамуына әсерін сипаттайды;	1
Өз өңірінде болуы мүмкін табиғи апаттарды болжайды	2	өз аймағында туындауы мүмкін болатын табиғи апатты атайды;	1
		табиғи апаттың туындау себебін түсіндіреді;	1
		табиғи апаттың зардабын сипаттайды;	1
Глобус пен картадан паралельдерді, меридиандарды, экваторды көрсетеді	3	глобустағы екі полюсті қосатын сызықты атайды;	1
		глобустағы полюстерден бірдей қашықтықта орналасқан сызықты атайды.	1
Барлығы			8

**«Қоршаған ортаны қорғау» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Климаттың адамның қызметіне әсерін сипаттайды	1	Өзі тұратын жердің климатын сипаттауда, климатты ескере отырып дамытуға болатын шаруашылық түрін анықтауда және себебін түсіндіруде қиналады. ☐	Өзі тұратын жердің климатын сипаттауда/ климатты ескере отырып дамытуға болатын шаруашылық түрін анықтауда/ себебін түсіндіруде қиналады. ☐	Өзі тұратын жердің климатын сипаттайды, климатты ескере отырып дамытуға болатын шаруашылық түрін анықтайды және себебін түсіндіреді. ☐
Өз өңірінде болуы мүмкін табиғи апаттарды атайды	2	Өз өңірінде болуы мүмкін табиғи апатты болжауда, оның туындау себебін және зардабын анықтауда қиналады. ☐	Өз өңірінде болуы мүмкін табиғи апатты болжауда/ оның туындау себебін/ зардабын анықтауда қателіктер жібереді. ☐	Өз өңірінде болуы мүмкін табиғи апатты болжайды, оның туындау себебін және зардабын дұрыс сипаттайды. ☐
Глобус пен картадан паралельдерді, меридиандарды, экваторды көрсетеді	3	Глобустан меридианды және экваторды ажыратып көрсетуде қиналады. ☐	Глобустан меридианды/ экваторды ажыратып көрсетуде қателеседі. ☐	Глобустан меридианды және экваторды анықтайды. ☐

IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Ғарышқа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар
	3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері
Оқу мақсаты	4.3.3.1 Қазақстанның XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) түсіндіру
	4.3.4.1 Өмірбаяндық мәліметтеріне сүйене отырып, шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> - Қазақстанның ғарыш/мәдениет/ғылым/білім салаларындағы жетістіктерін сипаттайды - Көрнекті қайраткерлердің еліміздің дамуына қосқан үлесін сипаттайды
Ойлау деңгейі	дағдыларының Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма.

Суреттерге мұқият қара. Қазақстанның ғарыш саласындағы жетістіктері қандай?



- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

2-тапсырма.

«KazSat» спутнигінің қызметіне қатысты дұрыс тұжырымдарды анықтап, «+» таңбасымен белгіле.

Тұжырымдар	«+»
Ғарышкерлердің жұмысына көмектеседі.	
Теле-радио хабарлар таратуға, байланыс жүйесіне қызмет етеді.	
Басқа ғаламшарларды зерттейді.	
Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.	

3-тапсырма.

а) Т.Әубәкіровтың өмірбаянынан үзінді оқы.



Тоқтар Әубәкіров - қазақтың тұңғыш ғарышкері, Қазақстан Республикасының халық Қаһарманы.

1991 жылы 2 қазанда «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарышта ол Арал теңізі аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесін, оның зиянды әсерлерін зерттеді.

Сондай-ақ ғарышта жүріп ыстыққа да, суыққа да төзімді болатын картоп тұқымдарын будандастырып, айрықша дәмді картоп түрлерін алып келді.

Ол Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға да белсене араласты.

б) Т. Әубәкіров еліміздің дамуына қандай үлес қосты? Мәтінде берілген ақпаратқа сүйеніп жаз.

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор <i>Білім алушы</i>	Балл
Қазақстанның ғарыш/мәдениет/ғылым/білім салаларындағы жетістіктерін сипаттайды	1	Қазақстанның ғарыш саласындағы жетістіктерін атайды: - бірінші; - екінші; - үшінші;	1 1 1
	2	«KazSat» спутнигінің қызметіне қатысты дұрыс тұжырымдамаларды анықтайды: - бірінші; - екінші;	1 1
Көрнекті қайраткерлердің еліміздің дамуына қосқан үлесін сипаттайды	3	Т. Әубәкіровтың ел дамуына қосқан үлесін сипаттайды: - бірінші; - екінші; - үшінші.	1 1 1
Барлығы			8

**«Ғарышқа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Қазақстанның ғарыш/мәдениет/ғылым/білім салаларындағы жетістіктерін сипаттайды	1-2	Қазақстанның ғарыш саласындағы жетістіктерін сипаттауда қиналады. ☐	Қазақстанның ғарыш саласындағы жетістіктерін сипаттауда қателеседі. ☐	Қазақстанның ғарыш саласындағы жетістіктерін сипаттайды. ☐
Көрнекті қайраткерлердің еліміздің дамуына қосқан үлесін сипаттайды	3	Өмірбаяндық мәліметтердің негізінде көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасауда қиналады. ☐	Өмірбаяндық мәліметтердің негізінде көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасауда қателіктер жібереді. ☐	Өмірбаяндық мәліметтердің негізінде көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасайды. ☐

«Болашаққа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше

1.3 Менің атамекенім

3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм

1.5 Құқық және міндет

Оқу мақсаты

4.1.3.2 Түрлі дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру

4.3.5.1 Зерттеулер негізінде «Қазақстан» атауымен байланысты мағыналық ассоциациялар қатарын (ұлттық бренд) ұсыну

4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке тұлғаның демократиялық құқықтары мен бостандықтарына, міндеттеріне мысалдар келтіру

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Өз аймағының өндіріс орындарын сипаттайды
- Қазақстандық ұлттық бренд өнімдерін сипаттайды
- Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндеттерін атайды

Ойлау деңгейі

дағдыларының

Білу және түсіну
Қолдану

Орындау уақыты

20 минут

1-тапсырма.

Сұрақтарға жауап жаз.

1) Сен тұратын жерде қандай өнеркәсіп орындары (зауыт, фабрика, ферма, цех, шаруашылық) бар? _____

2) Ол жерлерде не өндіріледі? _____

3) Олар не үшін немесе қандай мақсатта қолданылады? _____

2-тапсырма.

Суретте Қазақстанда жасалған тамақ өнімдерінің зат белгілері көрсетілген.

Өзіңе таныс тауардың зат белгісін таңда. Осы ұлттық брендтің өнімі туралы не білесің?



3-тапсырма.

ҚР азаматтарының құқықтары мен міндеттері туралы сөзлемдерді толықтыр. Көмекші сөздерді қолдан.

- Әр адамның _____ құқығы бар
- Әркімнің _____ пайдалануға құқығы бар.
- Қазақстан азаматтары мемлекеттік _____ құрметтеуге міндетті.
- Қазақстанның әр азаматы еліміздің _____ сақтауға міндетті.

Керекті сөздер: рәміздерді, ана тілі мен төл мәдениетін, өмір сүру, тарихи және мәдени ескерткіштерін

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор <i>Білім алушы</i>	Балл
Өз аймағының өндіріс орындарын сипаттайды	1	өз аймағындағы өндіріс орындарын атайды;	1
		өз аймағындағы өндіріс орындарының өнімін атайды;	1
		өндірілетін өнімнің қолданылу саласын сипаттайды.	1
Қазақстандық ұлттық бренд өнімдерін сипаттайды	2	тамақ өнеркәсібі саласындағы ұлттық бренд өнімдерін сипаттайды;	1
Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндеттерін атайды	3	Қазақстан азаматтарының құқығын білдіретін сөздерді анықтайды:	
		- бірінші;	1
		- екінші;	1
		Қазақстан азаматтарының міндетін білдіретін сөздерді анықтайды:	
		- бірінші;	1
		- екінші.	1
Барлығы			8

**«Болашаққа саяхат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Өз аймағының өндіріс орындарын сипаттайды	1	Өз аймағының өндіріс орындарын сипаттауда қиналады. ☐	Өз аймағының өндіріс орындарын атауда/ өндірілетін өнімді анықтауда/ өнімнің қолданысын сипаттауда қателеседі. ☐	Өз аймағының өндіріс орындарын дұрыс сипаттайды. ☐
Қазақстандық ұлттық бренд өнімдерін сипаттайды	2	Қазақстан атауымен байланысты ұлттық бренд өнімдерін сипаттауда қиналады.	Қазақстан атауымен байланысты ұлттық бренд өнімдерін сипаттауда қателіктер жібереді.	Қазақстан атауымен байланысты ұлттық бренд өнімдерін дұрыс сипаттайды.
Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндеттерін атайды	3	Жеке тұлғаның демократиялық құқықтары мен міндеттерін анықтауда қиналады. ☐	Жеке тұлғаның демократиялық құқықтары мен міндеттерін анықтауда қателіктер жібереді. ☐	Жеке тұлғаның демократиялық құқықтары мен міндеттерін ажыратады. ☐

